

ӘОК 374.71:36:008.007

Қолжазба құқығында

ЖОНТАЕВА ЖАҢЫЛ АЛПАМЫСҚЫЗЫ

**ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ
ІС-ӘРЕКЕТІН ЖЕТІЛДІРУ**

13.00.08 - Кәсіптік білімнің теориясы мен әдістемесі

Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның
автор ефераты

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ
2003**

Жұмыс Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде орындалған

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының докторы,
профессор **БАЛТАБАЕВ М.Х.**

Ресми оппоненттері: педагогика ғылымдарының докторы,
профессор **ҚЫШҚАШБАЕВ Т.Ә**
педагогика ғылымдарының кандидаты
ЖАҚҰБАҚЫНОВ Б.Б.

Жетекші ұйым: М. Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті

Диссертация 2003 жылы «___» _____ сағат 14.00-де Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде (480072, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 200) педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру жөніндегі К. 14.08.04 диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады.

Диссертациямен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2003 жылы «___» _____ таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты

АХМЕТОВА Г.Б.

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеудің көкейкестілігі. Ғылыми - техникалық революцияның қазіргі кезеңі әлеуметтік саланы ақпараттандырудың орасан зор маңызды мәселелерін белсенді көтеруде. Бүгінде ақпараттық технологиялардың дамуы, электрондық түпнұсқалары аса сенімді электронды-оптикалық ақпараттар жеткізуші компьютерлер мен көпшілік тұтынушыларға жүйелі тәртіппен пайдалану мүмкіндігіндегі электрондық энциклопедиялардың, анықтамалардың және мәдениет шығармаларының мұрағаттары негізінде жасалған қазіргі мәдениеттің бірқатар жаңа көкейкесті мәселелерін шешудің нақты мүмкіндіктеріне жол ашылып отыр.

Табиғи мәдениет пен қолдан жасалған өркениеттің үшінші мыңжылдығы тарихтағы адам факторының орны мен маңызын нақты айқындап, әрбір мамандық иесінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру мәселесіне аса зор мән беріп отыр. Бұл тек қана өмір қажеттілігі, әрі қазіргі техникалық және өркениетті тиімді қолданудың міндетті шарты ғана емес, сонымен бірге мәдени біліктіліктің мақсаттарын қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені, қазіргі өтпелі дәуірдің қиындығына төтеп беруге, жаңа өзгерістерді қолдауға көмектесетін, кез келген техникалық жаңалықтарға әр беретін осы мәдениет.

Сондықтан да қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет мекемелері қызметкерлерінің *кәсіби іс-әрекеттерін жетілдірудің* көкейкесті мәселелері және оның ерекшеліктеріне дұрыс бағыттау болып табылады.

Педагогика ғылымы мен практикасындағы кәсіптік білімнің даму жағдайын талдау, бірқатар ғалымдардың оның теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттетенін дәлелдейді:

- кәсіптік білім /Б.С.Гершунский, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.П.Сейтешев, Г.А.Уманов, С.Я.Батышев, В.А.Якунин, И.П.Смирнов, А.Р.Ходжабаев және т.б./;

- кәсіптік-педагогикалық білім /А.А.Бейсенбаева, К.Ә.Дүйсенбаев, Д.М.Жүсібәлиева, О.А.Аяшев, К.К.Жанпейісова, Н.Д.Хмель, А.А.Қалыбекова/;

- инженерлік-педагогикалық білім /Б.А.Әбдікәрімов, В.Ф.Бессараб, В.М.Распопов, Б.К.Момынбаев және т.б./;

- мәдениет пен өнер саласындағы кәсіби білім /М.Х.Балтабаев, Т.Ә.Қышқашбаев, А.А.Викулин, Б.А.Ахметов және т.б./;

- кәсіптік-әскери білім /С.М.Имадиев, Б.Б.Жақұбақынов, Г.А.Ямалетдинов және т.б./.

Жалпы мәдениеттің теориялық-методологиялық негіздері философия, мәдениеттану, өнертану, педагогика ғылымдарында әр түрлі амалдармен сипатталады.

Мәдениеттің философиялық, мәдениеттанымдық, тарихи-әлеуметтік теориялары ғалымдар /М.Ш.Хасанов, Қ.Ш.Нұрланова, Ж.Қ.Қаракөзова, С.Темірбеков, Г.В.Малинин, З.Ж.Наурызбаева, А.Е.Шалбаев, М.М.Смағұлов және т.б./ еңбектерінде көрініс тапты.

Өнертанымдық аспектілерін /Б.И.Қаракұлов, Б.Қ.Құндақбаев жәш т.б./ ғалымдар өз еңбектерінде талдаған.

Педагогика ғылымы мен практикасында тікелей мәдени-ағарту жұмыстарының теориясы мен практикасын /Е.Б.Имамбек, М.А.Ақшалава, М.И.Недомеркова, Н.П.Шуманова, С.Б.Ратманова, М.К.Көкеева, А.Б.Таңатарова және т.б./ жан-жақты зерттеді.

Тарих ғылымында Қазақстандағы мәдени-ағарту жұмыстарының дамуы мен қалыптасуы /Р.А.Бердіғалиева, А.В.Горелова, Н.К.Дәулетова және т.б./ еңбектерінде қарастырылды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет жүйесі қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру мәселелері кәсіптік білімнің теориясы мен әдістемесі саласында зерттеу пәні ретінде жеткіліксіз қаралғандығын айқындады.

Сонымен бірге, жобаланған **ақпараттандыру** процесі мамандарды **кәсіби даярлауды** қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар талабына сәйкес жетілдіру мәселелерін нақты кемелдендіреді:

- қызметкерлердің көпшілігінің компьютерлік сауаттары қалыптаспаған;
- ақпараттық жүйе саласында теориялық білімнің төмендігі байқалады;
- қызметкерлер жаңа ақпараттық технологияларды игеруде айтарлықтай психологиялық тосқауылды сезінеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, кадрларды ақпаратты қоғам және әлеуметтік үрдістер жағдайында жұмыс жасауға дайындау мәселесі қалыптасқан жағдайдағы көптеген факторлардың жетекшісі ретінде роль атқарады. Жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды биік деңгейде игерген мамандарды даярлау жүзеге асырылуда, әйтсе де, біздер мамандардың жұмыс істейтін бөлігінің қазіргі бағыттарға бұрылуының маңыздылығын кем санамаймыз. Бірақ қоғамда жаңа ақпараттық-коммуникациялық корлардың есебінен жүйелі енгізіліп жатқан ақпараттандыру процесі бір жағынан, екінші жағынан - мәдениет мекемелерінің оқырмандарға жана жағдайда қызмет көрсетудің және жұмыс жасаудың мүмкіндіктерін әрдайым керсете алмауы өзара қарама - қайшылық туғызады.

Бұл қайшылықтардың шешімін табу біздің зерттеу проблемамызды анықтап, зерттеуіміздің тақырыбын **«Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру»** деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты - әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемемен қамтамасыз ету.

Зерттеу объектісі - әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің іс-әрекеті.

Зерттеу пәні - әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы

мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру процесі.

Зерттеудің болжамы. Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттері мына жағдайда тиімді болады, егер олардың қызметінің мазмұнын жаңарту жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар есебінде жүзеге асса, онда кәсіби іс-әрекеттің адекваттық тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды, өйткені әлеуметтік ортаны ақпараттандыру олардың кәсіби іс-әрекеттерінің мазмұнын жаңартудың маңызды факторы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен ұсынылған болжамға байланысты біз **зерттеудің міндеттерін** айқындадық:

1.Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің теориялық негіздерін айқындау.

2.Қазіргі ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру бағдарламасын жасау.

3.Әлеуметтік ортаны ақпараттандырудың қазіргі жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісін жасау.

4.Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру әдістемесін жасау.

Жетекші идея. Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдірудің әлеуметтік-педагогикалық мәселесін жоғары тиімділікпен шешу қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізумен шарттас, себебі ол ақпаратты білім алатын ортаның ұлғаюын және мәдениет жүйесі кадрларын қайта даярлау процесі субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатының дамуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері адам туралы философиялық қағидалар, оқу процесі, оның заңдылықтары мен қайшылықтары жайлы педагогикалық, философиялық, социологиялық қағидалар, қоғам мен мәдениетті ақпараттандыру туралы пәнаралық білім болып табылады.

Жұмыстың теориялық негіздеріне мәдениет теориясы мен мемлекеттік мәдени саясатты қалыптастыру мәселелерін айқындайтын философиялық тұжырымдамалар, жалпы басқару теориясы, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық басқару теориясының қағидалары, маркетинг тұжырымдамалары мен мәдениет саласындағы фандрайзинг теориялары жатады.

Автор мәдениет саласындағы құжаттарға, аймақтық басқарудың ұйымдастыру-басқару мәселелерін шешудің жүйелі әдістеріне, қазіргі отандық және шетелдік басқару теориясы мен менеджменттік қағидаларға сүйенді.

Зерттеудің әдістері: социологиялық, әдістемелік, экономикалық, басқару әдебиеттерін теориялық талдау мен синтездеу, мәдениет саласының құжаттарын оқып үйрену, отандық және шетелдік үздік тәжірибелерді жүйелі және салыстырмалы талдау. Анықтау және

кальштастыру эксперименті барысында зерттеудің кешенді әдістері қолданылды: статистикалық өңдеу әдістері (сауалнамалар, интервью, шығарма, ранжирлеу жәш т.б.); педагогикалық эксперимент (бақылау, салыстыру-салғастырмалы талдау және т.б.).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1.Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің теориялық негіздері айқындалды.

2.Әлеуметтік ортаны ақпараттандырудың қазіргі жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісі жасалды.

3.Қазіргі ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру бағдарламасы жасалды.

4.Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы кадрларын қайта даярлау әдістемесі жасалды және оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1.Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасынан электронды оқу залы ашылды.

2.Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруді қамтамасыз ететін, оларды қайта даярлау эксперименттік бағдарламасы жасалды.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының өнер факультеттерінде, педколледждердің оқу-тәрбие процесінде, сондай-ақ кадрлар біліктілігін арттыру және ақпараттық технологиялар институттарында пайдалануға болады.

Зерттеу кезендері мен процедурасы:

бірінші кезеңде (1998-99 ж.ж.) мәдениет саласын ақпараттандыру мәселесіне теориялық талдау жасалды, зерттеудің түсіндірме және ғылыми аппараты анықталды, зерттеу мәселесіне байланысты жиналған материалдар талданып, жүйеленді.

екінші кезеңде (1999-2000 ж.ж.) кәсіби іс-әрекетті ақпараттандыру принциптері негізінде мәдениет жүйесі қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге бағытталған эксперименттік бағдарлама жасалды; облыстық кітапханадан электронды оқу залын жасау жұмысы жүзеге асырылды.

үшінші кезеңде (2000-2001 ж.ж.) қалыптастыру эксперименті жүргізілді, зерттеу жұмыстарының нәтижелері талданып, эксперимент жұмыстарының нәтижелері қорытындыланды.

Зерттеу базасы.

Облыстық кадрлар біліктілігін арттыру және ақпараттық технологиялар институтында, облыстық мәдениет басқармасының әдістемелік бөлімінде, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжде

өткізілді.

Зерттеудің негізгі қағидалары:

1. Әлеуметтік саланы ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру үшін заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияны қосып, соның негізінде ақпаратты хабар беріп оқытатын ортаны қалыптастырып, іскерліктерді жетілдірудің жаңа әдістері мен формалары енгізілген ақпараттандыру жүйесі арқылы іске асырылады.

2. Мәдениет қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау процесі кәсіби біліктіліктің педагогикалық үлгісіне сай жобаланған оқытудың бір түрі болып саналады да, ол мәдениет қызметкерінің ақпараттық-әдістемелік жүйеге деген көзқарасын қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі автордың негізгі бағыттарды әдіснамалық тұрғыда дәйекті негіздеуімен, зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелі құрылуымен, зерттеудің кешенді әдістерін қолдануымен, зерттеудің мақсаты мен міндетінің сәйкестілігімен, алынған эксперименттік мәліметтердің мұқият талдануымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру - эксперимент жүргізу барысында жүзеге асты және Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда Қызылорда (1998, 1999, 2000, 2001, 2002 ж.ж), Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті (1996ж), «Қазіргі Қазақстан өнерінің даму тенденциясы» (Алматы, Мәдениет және өнертану институты, 2002 ж.) баяндалды, басылым көрген мақалаларда, бағдарламаларда, әдістемелік құралдарда көрініс тапты.

Диссертацияның құрылымы.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі, мақсаты, объектісі, пәні, міндеттері, болжамы, әдіснамалық негіздері, әдістері мен негізгі кезеңдері беріліп, практикалық мәні, ғылыми жаңалығы және қорғауға ұсынылатын қағидалары баяндалады.

Бірінші тарау «Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің теориялық негіздері» деп аталады. Мұнда әлеуметтік процесті ақпараттандыру мен оны әлемдік және отандық практикада жүзеге асыру мәселесі; қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекет үлгісі талданады.

Екінші тарау «Қоғамды ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру әдістемесі» деп аталады.

Мұнда әлеуметтік ортаны ақпараттандыру процесі негізінде мәдениет саласы кадрларының кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің эксперименттік бағдарламасының мазмұны сипатталады; мәдени-ағарту мекемелері қызметін ақпараттандыру; эксперименттік бағдарламаны жүзеге асырудың тиімділігі талданады.

Қорытындыда зерттеу барысында алынған негізгі ғылыми-педагогикалық нәтижелер баяндалады.

Қосымшада зерттеу материалдары беріледі.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Қоғам өмірінің барлық саласын реформалау кезеңінде Қазақстан білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енуі ақпараттық және телекоммуникациялық негізде ғана табысты нәтиже берері анық. Ақпараттандыру кезеңінде дүниеге келіп жатқан өте мол ақпарат пен хабардарлықты пайдалана отырып нақты проблемелар мен әр түрлі қиын жағдайларды тиімді де шапшаң жеңіп шығу үшін Қазақстан іс жүзінде қоғамды қарқынды, келісілген және реалды түрде жүзеге асатын ақпараттандыруды жасауда.

Осыған орай елбасының 2001 жылғы 16 наурыздағы жарлығымен «Қазақстан Республикасы ұлттық ақпараттық инфрақұрылымдарымен қалыптастыру мен дамытудың» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда ақпараттық технологияларды, компьютерлік технологиялар мен телекоммуникацияларды пайдалануға негізделген экономикада, мемлекеттік басқаруда, білім мен ғылымда, сонымен қатар мәдениет саласында жаңа технологияларды енгізуді барынша қолға алу қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі әлеуметтік процестің дамуында *мәдениет пен ақпараттың* бірігуі - бүгінгі күннің нақтылығы болса, ал мәдени қызметтің барлық түрлерін қолдайтын мамандандырылған компьютерлік ақпараттық орталықтар - біздің жақын ақпараттық болашағымыздың ісі.

Ақпараттық технологиялардың даму бағытының мүмкіндіктерінің көптігі соншалық, мәдениеттанушылардың мәдениет саласында жаңа бағыт-экранды мәдениеттің пайда болғандығын айтуының толық негізі бар. Және осы бағыттың гуманитарлық білім беру саласында өзінің лайықты орнын алғаны абзал.

Мемлекеттің мәдени өмірі, мемлекеттік саясаттан келіп туындайды, оны жасаушы мемлекеттік конституция болып табылады. Мемлекеттіліктің субъектісін анықтау, оның әлеуметтік негізіне кепілдемелік белгілейтін қызмет атқарады, осы негізде мемлекет өзінің мәдени өмірдегі саясатын құрады. Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғандай, Республика өзінің "Құқықтық және әлеуметтік мемлекеттілігін" белгілейді.

Мәдениет саласын дамыту жөніндегі *мемлекетіміздің бүгінгі саясаты* жалпы *мәдениет саласын* түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" Заңында (1996) "мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат - бұл, мәдениетті жаңғырту, сақтау, дамыту және тарату жөнінде мемлекеттік органдар қолданатын шаралардың кешені" деп көрсетілген.

Жалпы адамзат дамуының *философиялық, эстетикалық* заңдылықтарына сүйенсек адамның рухани дамуына, дүниетанымдық

козқарасының жарасымды калыптасуына *мәдениеттің* әсері туралы мағлұматтар өте ерте заманнан бастау алады. Мұнан *мәдениет термині* туралы, оның мәні жайлы танымдық пікірлерді өрбітуге мүмкіндік туады.

"*Мәдениет*" терминінің ғылыми еңбектерде де анықтамасы сан алуан. Әсіресе, мәдениеттің жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлер сан түрлі.

Мәдениеттің мәніне қатысты ізденістер шет елдік ғалымдардың, соның ішінде еуропалық антропологтар мен социологтардың /Э.Тэйлор, А.Кребер, Ф.Меррил, А.Тойнби, А.Вебер және т.б./ еңбектерінде көрініс табады.

Сөз жоқ, мәдениетті қоғамдық құндылық деуге болады. Яғни, адамсыз, адам қоғамынсыз мәдениетті елестету мүмкін емес. Сондықтан да, жетекші мәдениеттанушылар мәдениетке, ең алдымен, қызмет үрдісінің өзі және нәтижесі /М.С.Каган/, қызметтің құрылымдық қасиетке ұласатын тәсілі /Э.С.Маркарян, қоғамдық үрдісті айқындайтын адам қызметінің мәні /В.М.Межуев/ ретінде қарайды. Демек, мәдениет дегеніміз қоғамның сүруінің міндетті қызметі екенін аңғарамыз.

Зерттеу барысында біз, мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру процесінің негізін қарастырамыз.

Мәдениет саласына енгізілген жаңа ақпараттық қорды тиімді және оперативті түрде пайдалана білуге мәдениет қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру қажеттілігі бүгінде өткір қойылып отырған мәселе.

Олай болса бүгінгі мәдениет саласын дамытуда кәсіби мамандар даярлаудың алдында тұрған нақты міндет - бұрынғыдай тек жеке мамандық иесін дайындап қана қоймай, мемлекетіміздің жан-жақты дамыған, біліктілігі жоғары кәсіби маман, тұлғаға әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету және қазіргі кезеңде мәдени көзқарасы кең, кәсіби қызметін жоғары дәрежеде атқара алатын мамандар білімін жетілдіру.

Кәсіби білім беру түрлі деңгейдегі, буындағы және бағытты кешенді білімнің өзгеше ерекшеліктерін ескерумен болашақ маманның жеке басының маңызды сапаларын калыптастырады.

Жеке тұлғаның кәсіптік сапалары талап ететін психологиялық-педагогикалық процесті калыптастыру және оның калыптасуына мақсатты, мазмұнды және технологиялық құрамдарын толық беруші дидактикалық-әдістемелік жүйе болуға табылады.

Қазіргі кезде педагогика ғылымы мен практикасында мамандыққа кәсіби даярлау мәселесі /Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, Ш.Амонашвили, С.А.Архангельский, Н.Д.Хмель, А.С. Мағауова т.б./ ғалымдар еңбектерінде жан-жақты зерттелді.

Музыка-педагогика ғылымында болашақ өнер мамандарын кәсіби даярлау процесін калыптастыру /Л.Г.Арчажникова, Э.Б.Абдуллин, Л.А.Рапацкая, Ю.Б.Алиев, Т.Ә.Қышқашбаев, Р.Р.Жердималиева т.б./ ғалымдар еңбектерінде толық талданған.

Ал педагогика ғылымында тікелей мәдениет қызметкерлерін кәсіби даярлау проблемасы жеткіліксіз қаралғанмен, жастарға этномәдени білім

беру проблемасы ғалымдар /М.Х.Балтабаев, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, Б.А.Әлмұханбетов/ еңбектерінде көрініс табады.

Ғылыми әдебиеттерде «кәсіп» функционалды міндетпен қатаң шектелген еңбек әрекетінің жалпыға бірдей типін білдіретін және кең мағыналы мазмұны бар деп аталып көрсетіледі. Педагогика ғылымы мен практикасында кәсіби іс-әрекеттің мәні мен амалдарының сипаттамасы оның сапасын талдаумен шамаланады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кәсіби қызметке сипаттама беру үшін көптеген түсініктер қолданылады. Бұл - «кәсіби біліктілік», «кәсіпшілдік». Олар көптеген авторлардың әр түрлі ойлары мен пайымдауларында берілген.

Біз кәсіби маманды *кәсіби іс-әрекетке даярлаудың* сапасын істі орындауға деген *объективті* және *субъективті* алғы шарттардың өзі және оның нәтижесін кәсіби-педагогикалық қызметтің нормаларымен әр түрлі дәрежеде сай келетіні немесе келмейтіні тұрғысында түсінеміз.

Біз зерттеу жұмысымызда ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің талдап, анықтап берген деректері бойынша *кәсіби мамандыққа даярлау* негізінен екі түрлі жолмен:

1)идеялық-саяси дайындық;

2)болашақ мамандыққа арнайы даярлау арқылы жүзеге асатынын анықтадық.

Оқу орындарындағы кәсіби білімнің мазмұнын анық танытатын кәсіби мамандықтар тізімі - біліктілікті айқындайтын сипаттама, оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары сияқты жүйелерді қайта қарастырудың құрылымы өз дәрежесінде емес. Соңғы жылдар ішінде білім беру мазмұнын меңгерту мәселелері /И.К. Журавлева, Л.Я.Зорина, З.А.Решетова, А.М.Сохор/, кәсіби білім беру мен оқытудың нақты мазмұнын қалыптастыру мәселелері /Н.Н.Нечаев, А.И.Щербаков/, жалпы еңбек білігі мен кәсіби шеберлікті қалыптастыру мәселесі /О.А.Абдуллина, А.М.Новиков/ жөнінде маңызы жоғары еңбектер жазылды.

Бұл ғалымдар **кәсіби** міндеттерді шешуде қазіргі заманғы құралдарды пайдалана алу мүмкіндігімен, оны жүзеге асыруда өнімді тәсілдер қолдана алатын кәсіп өкілдерінің, қызмет субъектісінің сипатымен анықтайды.

Біз зерттеу жұмысымызда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың мазмұнын жасағанда мынадай принциптерді жетекшілікке алу қажеттілігін белгіледік:

-білім беру және оқыту мазмұнының маман даярлау мақсатына сай келуі;

-білім және оқыту мазмұнын маманның кәсіби іс-әрекетін талдауы негізінде қалыптастыру;

-оқыту мазмұнын қалыптастырудың болжамдық оқыту құралдарының, түрлерінің және әдістерінің өзара байланысы есебін;

-тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуы заңдылықтарының есебін.

Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру процесі қалыптасатын жеке тұлғалық білім үлгісінің мазмұнының жүзеге

асуымен байланысты. Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру процесінің үлгісі білім, білік, дағдылардың жиынтығы ретінде процесстің мазмұндық сипатын, зерттеліп отырған мәселе бойынша білім беру бағдарламасының тақырыптық бөлімдерін құруды алдын-ала анықтайды.

Қазіргі жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісін жасау ғылыми зерттеу жұмысымыздың бір тармақшасы болып отыр. Біз мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісінің екі түрлі сипатын анықтадық. *мазмұндылық және психологиялық.*

Біз жасаған мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісінің *мазмұндылық* бөлігі қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесіне көзқарасын және психологиялық жағдайын қарастырады.

Үлгіде мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің мынадай *критерийлері* анықталады:

1. Қоғамды ақпараттандыру процесі.
2. Мәдениетке - іс-әрекет объекті ретінде.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісі - бұл психологиялық-педагогикалық күрделі жүйе. Үлгіні біз мақсат-бейне ретінде қарастырамыз. Бұл үлгі *мазмұндылық* сипатымен бірге, *психологиялық* сипатымен де толықтырыла түседі. Сондықтан біз үлгіде жеке тұлға дамуының теориялық негіздеріне сүйене отырып, дамудың негізгі үш саласын: *танымдық, мінез-құлық, мотивация* анықтаймыз.

Танымдық саласының мазмұны төмендегідей білімдермен анықталады: жеке тұлғаның қоғамды ақпараттандыру процесінің маңызы мен оның заңдылықтары туралы білімдерді; жеке тұлғаның қоғамды ақпараттандыру процесінің ғылыми-әдістемелік жүйесі жайлы білім негіздерін саналы түрде ұғынып, меңгеру.

Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекет процесінің мінез-құлық саласы: жеке тұлғаның қоғамды ақпараттандыру процесінің маңызы мен оның заңдылықтары туралы білімдерді; жеке тұлғаның қоғамды ақпараттандыру процесінің ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыруға қажетті мінез-құлық пен дағдылардың мәдениет саласы қызметкерлерінің бойынан көрініс табуымен анықталады.

Жеке тұлға дамуының мотивация саласы:

жеке тұлғаның қоғамды ақпараттандыру процесіне ұмтылуы; мәдениет саласына жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны ендірудің әдістемелік жүйесін меңгеруге, оны қалыптастыруға деген қызығушылықтың болуымен анықталады (кесте 1).

Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісі

Мазмұндылық сипаты	Іс-әрекет бағдарлары	
Психологиялық сипаты	Қоғамды ақпараттандыру процесіне	Мәдениетке -іс-әрекет объекті оетінде
<p>Танымдық саласы</p> <p>Мінез-құлық саласы</p> <p>Мотивация саласы</p>	<p>білім-таным :</p> <p>1. қоғамды ақпараттандыру заңдылықтарынан білімі;</p> <p>2. қоғамның ақпараттық-техникалық талаптарының кәсіби деңгейіне сәйкестілік заңдылықтарынан білімі;</p> <p>3. компьютерлік коммуникацияның үздіксіз және жүйелі өсу заңдылықтарынан білімі;</p> <p>4. білімінің үздіксіз және жүйелілік заңдылықтарынан білімі</p> <p>тәсілдерді меңгеру:</p> <p>5. ақпараттық техниканың жана түрлері мен құралдарын үйрену;</p> <p>6. компьютерлік коммуникация мүмкіндігінің әр түрлі формаларын меңгеру;</p> <p>7. инновацияларды оқып білу;</p> <p>8. электронды оқулықтарды пайдалану әдістерін меңгеру.</p> <p>қанағаттанушылық:</p> <p>9. мәдениет саласын ақпараттандыру процесін үйренуді ұнату;</p> <p>10. мәдениет қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін білуге тырысу;</p> <p>11. мәдениет саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды үйренуге қызығу;</p> <p>12. халыққа қызмет көрсету сапасын жақсартуға ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ықпалын талдау.</p>	<p>білім-таным:</p> <p>1. мәдениеттің дүниетанымдық тірек ретіндегі маңызынан білімі;</p> <p>2. мәдениет қызметкерінің қазіргі ақпараттық-коммуникациялық талаптарға бейімделуі жөнінен білімі;</p> <p>3. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дүниесінде кәсіби мәдениет қызметкерлерінің үздіксіз шығармашылық дамуы жайынан білімі,</p> <p>4. кіріктірілген мәдениет пен білімнің маңызы жайлы білімі.</p> <p>тәсілдерді меңгеру:</p> <p>5. жеке тұлғалық-бағдарлық және мәдени-қызметтік ұстанымдарға бағытталған мәдени мекемелер жұмыстарын зерттеу;</p> <p>6. қызметкерлердің кәсіби іс-әрекеттерін олардың бейімделуі, дамуы арқылы зерттей білу;</p> <p>7. кәсіби іс-әрекеттерінің маңыздылығын білу;</p> <p>8. психологиялық әсерін анықтай алу.</p> <p>қанағаттанушылық:</p> <p>9. әлемдік мәдениеттің тұтас бейнесі ретіндегі мәдениет жағдайын оқып білуді ұнату;</p> <p>10. аймақтағы халықтардың интеллектуальдық дамып қалыптасуына мәдениет саласының ықпалын талдауды ұнату;</p> <p>11. мәдениет қызметкерлерінің кәсіби өсуі мен шығармашылығындағы қажеттіліктерді қалыптастыру мен тәрбиелеу фактыларын анықтау;</p> <p>12. мәдениеттің маңыздылығын білуге ұмтылу.</p>

Біз жасалған мәдениет қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру үлгісі бойынша белгіленген критерийлер мен көрсеткіштерді негізге ала отырып, әр түрлі педагогикалық зерттеу әдістерінің көмегімен (әңгімелесу, бақылау, сауалнама, өзін-өзі бағалау) мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің бастапқы жағдайын болжау үшін анықтау экспериментін жүргіздік. Анықтау барысында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің деңгейлері белгіленді: жоғары, орта, төмен (кесте 2).

Мәдеяиет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің бастапқы жай-

күйін зерттеу мынадай нәтижелерді байқатты: жоғары деңгей эксперимент тобында - танымдық саласы бойынша 26,3%, мінез-құлық саласы бойынша 24,6%, мотивация саласы бойынша 31,3%, бақылау тобында - танымдық сала бойынша 23,2%, мінез-құлық саласы бойынша 18,6%, мотивация саласы бойынша 17,0% көрсетті; орта деңгейі эксперимент тобында танымдық сала бойынша 31,9%, мінез-құлық саласы бойынша 37,9%, мотивация саласы бойынша 34,7%, бақылау тобында танымдық саласы 28,1%, мінез-құлық саласы 30,6%, мотивация саласы 31,1% шамасын көрсетті; ал төменгі деңгей эксперимент тобында танымдық сала бойынша 41,6%, мінез-құлық саласы 37,3%, мотивация саласы бойынша 33,9%, бақылау тобында танымдық саласы бойынша 48,7%, мінез-құлық саласы 50,8%, мотивация саласы 51,9% құрайтынын көрсетті. Бұл нәтижеден біз олардың теориялық білімдері мен іскерліктерінің өз дәрежесінен төмендігін оны қажетті деңгейге сай жетілдіру үшін бір мақсатқа негізделген арнайы жұмыс жүргізу қажет екенін байқадық.

Қоғамды ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетке даярлықтарының қазіргі талапқа сәйкес келмеуі мен осы мәселе бойынша бірізділікпен берілген жүйенің жоқтығы, мәдениет саласы қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау процесі бойынша кадрлармен арнайы жұмыс жасау қажеттілігін тудырды.

Бұл қажеттіліктерді шешуде облыстық мәдениет жүйесі кадрларын қайта даярлау процесі мәдениет қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен білім, білік, дағдыларын жетілдірудің негізі болып саналады.

Тақырыбымызды осы тұрғыдан қозғағанда оның көтеріп отырған мәселесінің қажеттілігі арта түседі, мәдениет қызметкеріне қойылатын талаптар мен оларды қайта даярлаудың өзектілігі ұлғая түседі. Осыған орай біз облыстық мәдениет басқармасы жанынан ұйымдастырылатын курстар мен семинарлар өткізу барысында, мәдениет саласы қызметкерлерін қоғам талабына сай қайта даярлау мәселесін жүйелі жолға қою мақсатына бағытталған арнайы бағдарлама жасап, оны сынақтан өткізу қажет екенін байқадық.

Сондықтан бұрынғы оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізе отырып мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдірудің *эксперименттік бағдарламасын* жасап, апробациядан өткіздік.

Кесте 2

Анықтау экспериментінің нәтижелері бойынша мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің жетілу деңгейі (пайыз есебімен)

Критерийлері	Көрсеткіштері	ЭТ	БТ	Деңгейлері, % есебімен						
				Жоғары		Орта		Төмен		
				ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	
Танымдық саласы	1	75	250	26,6	24,0	33,3	28,0	40,0	48,0	
	2			29,3	23,2	33,3	27,2	37,3	49,6	
	3			24,0	23,2	30,6	28,0	45,3	48,8	
	4			25,3	22,4	30,6	29,2	44,0	48,4	
		Орта есеппен:		26,3	23,2	31,9	28,1	41,6	48,7	
Мінез-құлық саласы Мотивация саласы	5			22,6	18,0	37,3	30,0	40,0	52,0	
	6			25,3	18,8	40,0	30,8	34,6	50,4	
	7			24,0	18,4	38,6	30,4	37,3	51,2	
	8			26,6	19,2	36,0	31,2	37,3	49,6	
			Орта есеппен:		24,6	18,6	37,9	30,6	37,3	50,8
	9			32,0	17,2	34,6	32,0	33,3	50,8	
	10			30,6	16,4	37,3	31,2	32,0	52,4	
	11			29,3	17,6	36,6	30,4	34,6	52,0	
	12			33,3	16,8	30,6	30,8	36,0	52,4	
			Орта есеппен:		31,3	17,0	34,7	31,1	33,9	51,9
			Жалпы орта есебі:		27,4	19,6	34,8	29,9	37,6	50,4

Эксперименттік бағдарламаның мақсаты:

- жеке тұлғаны қалыптастыру және мәдениет саласында кәсіби мамандар даярлауда алдымен мәдениеттің орны мен маңызын күшейтуге мән беру;

- білім мен мәдениет арасындағы алшақтықты жою мәселесіне күш салу;

- мәдениет пен өнерді дамытуда қазіргі жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру мен пайдалану жүйесін меңгеру;

- мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін әр түрлі компьютерлік коммуникациялар мүмкіндігін оқып үйрену арқылы жетілдіру.

Эксперименттік бағдарламада тақырыптық жоспар беріледі: мұндағы лекциялар (24 сағат), практикалық сабақтар (14 сағат). Эксперименттік бағдарламаны жүргізу барысында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдері мен жұмыс формалары қолданылды.

Мәдениет мекемелері қоғамдағы келеңсіз жағдайларды тоқтататын немесе бұл процестің ең болмағанда өршуін тежейтін аса маңызды факторлардың бірі, сонымен бірге ол адамның іс-әрекетін дамыту, жетілдіру, кәсіби шеберлігін еркін меңгеру мүмкіндігіне ие болуға толық әсер етеді. Сондықтан да мәдениет саласы қызметкерлерінің арнайы курс процесінде алған теориялық білімдерін практика барысында қолдану мүмкіндіктері туды.

Осыған орай, қоғамды ізгілендіру мақсатына жету құралы - зиялылықты қалыптастыруды, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді, мәдени құндылықтардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды, сол құндылықтарды игеруде жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетін шындайтын сан қырлы процестің бірі - **облыстық кітапхана қызметін ақпараттандыру болды.**

Бұл мәселе біздің зерттеуіміздің бір тармақшасы бола отырып, әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы мамандарының практикалық іскерліктері мен кәсіби іс-әрекеттерін жетілдірудің бірден-бір тиімді жолы екені дәлелденді.

2000 жылдың қыркүйек айында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана оқырмандарға қызмет көрсетуде осы заманғы технологиялармен жабдықталды, 6 мультимедиалы компьютермен, сканер, принтермен жабдықталған электронды оқу залы ашылып, әлемдік Интернет жүйесіне қосылды. Интернетке қосылу модем арқылы іске асырылды.

Ашылған электронды оқу залы электронды кітаптар қоры -37 аталымнан тұратын 41 дана CD-ROM-дармен толықтырылды. Электронды оқу залында оқырмандарға мультимедиа құралдарын пайдалану арқылы электронды оқулықтармен жұмыс істеуге толық жағдай жасалды. Электронды оқулықтар қазақ, орыс кейбіреуі ағылшын тілдерінде жасалынған. Электронды оқулықтардағы материалдармен оқып танысып болған соң әрбір оқырман өзінің игерген білімін тесттер арқылы тексеріп, нәтижесін көріп біле алады.

Кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру курстарына келген мәдениет саласы мамандары жеке-тұлғалық бағдарлық және мәдени-іс-әрекеттік ұстанымдарға бағытталған мәдени мекемелер жұмыстарына бейімделіп, жаңа ақпараттық ортада қызмет көрсетуге жан-жақты психологиялық дайын болуға толық мүмкіндік алды.

Бұл іскерліктерді меңгерулері бойынша, электронды оқу залының қазіргі ақпараттық ресурстары оқырмандар талабын толық қанағаттандыра алмайтыны, сондықтан да электронды оқу залының базалық қоры компьютерлік журналдармен толықтырылып отырғандығы жөнінде айтуға болады. Мұнда 13 аталымнан тұратын 225 дана мерзімді басылымдары бар.

Электронды оқу залы ашылғаннан бергі жалпы келушілер саны 7000-ға жетті, негізгі көрсеткіштері төмендегі кестеде көрсетілген / кесте 3 /.

Кесте 3

Электронды оқу залының негізгі керсеткіштері

Көрсеткіштер	2001	2002	+; -
1. Оқырмандар саны	950	1000	50
2. Кітап берілімі	24	511	+487
3. Келушілер саны	7000	7000	-

Егер әрбір пайдаланушы, оқырман жоғарыда аталған іскерліктерді меңгерсе, онда ол технологияның білімділік потенциялын пайдаланып,

саналы жұмыс істеуге ұмтылады. Басқаша айтқанда, олар ақпаратпен және жоғары технологиялық қоғаммен ары қарай жұмыс істеуге дайын деп есептеуге болады.

Қалыптастыру экспериментінің соңында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің жетілу деңгейін бақылау мақсатында сұрақ-сауалнамаларға жауап беру ұсынылды. Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы мамандарының кәсіби іс-әрекетін жетілдіру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік (кесте 4): эксперимент тобында жоғары деңгей - танымдық сала бойынша 47,3%, мінез-құлық саласы бойынша 42,9%, мотивация саласы бойынша 42,9%, бақылау тобында - танымдық саласы бойынша 25,1%, мінез-құлық саласы бойынша 20,6%, мотивация саласы бойынша 22,9% құрайды; орта деңгей эксперимент тобында танымдық сала бойынша 33,9%, мінез-құлық саласы 39,3%, мотивация саласы 44,3% және бақылау тобында -танымдық саласы 29,6%, мінез-құлық саласы 32,6%, мотивация саласы 33 0% көрсетті; ал төмен деңгейі эксперимент тобында - мотивация саласы 18,6%, мінез-құлық саласы 17,6%, мотивация саласы 12,6% көрсетсе бақылау тобында танымдық саласы 45,3%, мінез-құлық саласы 46,8% мотивация саласы 44,1% құ. Бұл көрсеткіштерден эксперимент тобындағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің қалыптастыру экспериментінен кейінгі сауалнамаларға берген жауаптарына байланысты қажетті деңгейде жетілгенін байқауға болады.

Критерийлері	Көрсеткіштері	ЭТ	БТ	Деңгейлері, % есебімен						
				Жоғары		Орта			Төмен	
				ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	
Танымдық саласы	1	75	250	48,0	26,0	33,3	30,0	18,6	44,0	
	2			45,3	25,2	34,6	28,8	20,0	46,0	
	3			46,6	24,8	36,0	29,2	17,3	46,0	
	4			49,3	24,4	32,0	30,4	18,6	45,2	
Мінез-құлық саласы	5	Орта есеппен:		47,3	25,1	20,0	33,9	29,6	18,6	45,3
				42,6		41,3	32,0	16,0	48,0	
	6			40,0	20,8	40,0	32,8	20,0	46,4	
	7			44,0	20,4	38,6	32,4	17,3	47,2	
Мотивация саласы	8			45,3	21,2	37,3	33,2	17,3	45,6	
		Орта есеппен:		42,9	20,6		39,3	32,6	17,6	46,8
	9			40,0	22,0	42,6	32,8	17,3	45,2	
	10			42,6	22,8	45,3	33,2	12,0	44,0	
Мотивация саласы	11			44,0	23,6	45,3	32,4	10,6	44,0	
	12			45,3	23,2	44,0	33,6	10,6	43,2	
		Орта есеппен:		42,9	22,9		44,3	33,0	12,6	44,1
		Жалпы орта есебі:		44,3	22,8	39,1		31,7	16,2	45,4

Экспериментке дейінгі және одан кейінгі нәтижелерді эксперименттік топтағы мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетінің жетілу деңгейін біз диаграмма арқылы бейнеледік, яғни мұнда экспериментке дейінгі және одан кейінгі мәдениет саласы мамандарының жауаптары салыстырмалы түрде пайыз есебімен берілген (сурет 1).

Мәдениет саласы қызметкерлері кәсіби іс-әрекетінің жетілуінің салыстырмалы талдау нәтижесі (пайыз есебімен)



Сурет 1

Ескерту: мұндағы А - анықтау экспериментінің, Б - бақылау экспериментінің нәтижелері (пайыз есебімен) берілген.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесінде бірқатар тенденциялар айқындалды:

Бірінші тенденция - жеке тұлға дамуының үш саласы бойынша: танымдық сала бойынша меңгерген білімдерінің орташа есеппен алғанда жоғары деңгейі - 47,3%, орта деңгейі 33,9% артқаны, мотивация саласы бойынша жоғары деңгейі 42,9%, орта деңгейі - 44,3% жетекші, мінез-құлық саласынан алған білімдерінің алғашқыларға қарағанда төменірек екені - жоғары - 42,9%, орта деңгейлері 44,2% қалыптасқаны айқындалды.

Екінші тенденция - эксперимент нәтижелерін салыстырмалы талдау барысында эксперимент топтарына қарағанда бақылау топтарының білімдерінің деңгейі: танымдық сала бойынша жоғары деңгейлерінің айырмашылығы - 22,3%, орта - 2,4%, мінез-құлық саласы бойынша жоғары деңгейлерінің айырмашылығы - 24,1%, орта - 4,1%, мотивация саласы бойынша жоғары деңгейлерінің айырмашылығы - 20,0%, орта - 11,3% пайызға төмен екендігін көрсетті.

Эксперимент жұмыстарының қорытындысы бойынша алынған нәтижелер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің іс-әрекеттерін жетілдіруде белгілі нәтижеге жету үшін:

- мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру - әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында көкейкесті мәселе болып табылады және ол жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру мен оны пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

- бұл проблеманы шешудің маңызды бағыттарының бірі - бүгінде жедел дамып келе жатқан мәдениет саласы қызметкерлеріне кәсіби білім берудің сапасына байланысты;

■ зерттеуде кәсіби іс-әрекетті жетілдірудің негізі ретінде мәдениет саласы қызметкерлерін қайта даярлау курстарында оқу процесіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқып үйренуге арналған теориялық-практикалық сабақтарды енгізу ұсынылған;

■ мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіру процесінің теориялық негіздеріне кәсіби білім берудің жаңа теориялары, жеке тұлғаны кәсіби бағдарлау теориялары және педагогикалық-психологиялық теориялары жатады;

■ мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіру процесінің тиімділігі объективті құндылықтың субъективті құндылыққа интериоризациялану процесіне байланысты, бұл кезде мәдениет саласы мамандары мәдени қызметтің барлық түрінің қоғамға маңыздылығын, қажеттілігін сезінеді.

Сонымен, біз жасаған зерттеулер біздің ғылыми болжамымызды растап, әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайында мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерінің тиімділігін, олардың қызметінің мазмұнын жаңарту жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар есебінде жүзеге асса, онда кәсіби іс-әрекеттің адекваттық тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды, өйткені әлеуметтік ортаны ақпараттандыру олардың кәсіби іс-әрекеттерінің мазмұнын жаңартудың маңызды факторы болып табылатынын дәлелдеді.

ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША АВТОРДЫҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЖҰМЫСТАРЫ:

1. Түркі дүниесінің кеменгер ойшылы // «Қорқыт және түркі әлемі» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары жинағының редакциялық алқасы құрамында. Қызылорда, «Тұмар», 1998 ж.
2. Мәдениет саласы қызметкерлерінің іс-әрекетін жетілдірудің эксперименттік бағдарламасы. Алматы, РЦИО. 1999 ж. - 9 б.
3. «Сыр әуендері». Оқу-әдістемелік құралы. Қызылорда, «Алтын орда», 2000, - 219 б. (Н.Ерімбетов, Ш.Әбдібаевтармен авторлық бірлестікте).
4. Сыр мәдениеті - жаңа ғасырда. // Мәдениет пен өнер қызметкерлері облыстық съезінің материалдары. Қызылорда, «Алтын орда». 2000 ж. 9-29 б.
5. Без культуры нет будущего. В журнале «Огонек Казахстан». Алматы, 2000 ж. -50-51 с.
6. Бүгінгі бетбұрыс - ертеңге бастау жол. Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы, 2000 ж. - 94-98 б.
7. Культура земли Сыра вступает в новый век. В журнале АльПари. Алматы, 2001 г. - 105-106 с.
8. «Сыр әуендері 2002» Әндер жинағы. Компакт-диск. Қызылорда, 2002 ж.
9. Мәдениет - қоғамды дамытудың рухани негізі және оның ақпараттандырылу қадамы. //Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Алматы, 2002. - 54-59 б.
10. Әлеуметтік ортаны ақпараттандыру жағдайындағы мәдениет саласы қызметкерлерін кәсіби даярлау мәселелері. Білім берудегі менеджмент журналында. №1, Алматы. 2003 ж. 4 б. (М.Х.Балтабаевпен авторлық бірлестікте).
11. Мәдениет саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеттерін жетілдірудің кейбір мәселелері. Білім берудегі менеджмент журналында. №1, Алматы. 2003 ж. 4 б.
12. Мәдениет саласында жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу жүйесі. Білім берудегі менеджмент журналында. №1, Алматы. 2003 ж. 3 б.

РЕЗЮМЕ

Жонтаева Жаныл Алпамысовна

Совершенствование профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды

13.00.08 - теория и методика профессионального образования

Актуальность исследования. Казахстанское общество находится на пороге постепенного перехода от индустриального к информационному этапу развития, связанного с бурным внедрением информатики и вычислительной техники во все сферы человеческой деятельности.

Развитие информационных технологий создает реальные возможности для новых решений ряда актуальных проблем современной культуры на основе создания электронных энциклопедий, справочников и архивов произведений культуры, в которых электронные копии этих произведений размещаются на высоконадежных электронно-оптических компьютерных носителях информации и в сетевом режиме могут стать доступными многочисленным удаленным пользователям.

Вместе с тем, наметившийся процесс информатизации остро актуализирует проблему совершенствования профессиональной подготовки специалистов в области культуры с учетом современных информационно-коммуникационных технологий:

- у большинства работников не сформирована компьютерная грамотность;
- наблюдается низкий уровень теоретических знаний в области информационных систем;
- работники испытывают значительный психологический барьер по отношению к новым информационным технологиям.

Поэтому **целью исследования** мы определили научно-теоретическое обоснование совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды и ее методическое обеспечение.

Объект исследования - деятельность работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

Предмет исследования - процесс совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

Основные положения исследования:

1. Информатизация профессиональной деятельности работников сферы культуры путем интенсивного внедрения современных информационно-коммуникационных технологий.

2. Модель совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

3. Процесс переподготовки кадров сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

Научная новизна и теоретическая значимость исследования заключаются в том, что дано:

1. Раскрыты теоретические основы совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

2. Разработана модель совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

3. Разработана программа совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды.

4. Разработана и экспериментально проверена эффективность методики переподготовки кадров сферы культуры в условиях информатизации системы.

Диссертация состоит из введения, 2 разделов, заключения, списка использованных источников в 175 наименования содержит 8 таблиц и приложения.

Во введении обосновывается научный аппарат исследования.

В первом разделе «Теоретические основы совершенствования профессиональной деятельности работников сферы культуры в условиях информатизации социальной среды» анализируется проблема информатизации социальных процессов и состояние ее реализации в мировой и отечественной практике; обосновываются модель деятельности работников сферы культуры в условиях внедрения современных ИКТ.

Во втором разделе «Методика совершенствования профессиональной деятельности работников культуры в условиях информатизации социальной среды» характеризуется содержание экспериментальной программы переподготовки кадров системы культуры на основе принципов информатизации профессиональной деятельности; информатизация деятельности культурно-просветительных учреждений; анализируется эффективность реализации экспериментальной программы.

В результате выполненной работы значительно повысился уровень профессиональной деятельности работников сферы культуры. В области применяется программа «Сыр мәдениеті-жаңа ғасырда», ориентированная на информатизацию социальной среды.

В областной научно-универсальной библиотеке имени А.Тажобаева на основе современных информационно-коммуникационных технологий, создан электронный читальный зал.

RESUME

Zhontaeva ZhanyJ Alpamysova

The improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of a social environment.

13.00.08 - the theory and methods of professional education.

The actuality of the investigation.

The Kazakhstani society is at the beginning of a gradual transition from an industrial to an informational stage of its development, connected with a rapid introduction of information science and computer techniques in all the spheres of human activity.

The development of informational technology gives real opportunities to new decisions of some actual problems of modern culture on the basis of creation of electronic encyclopaedias, guide books and archives of art products in which electronic copies of these works are placed in highly reliable electronic - optical computers and can be available to a big member of distant users in a net regime.

The outlined process of informatization deeply actualizes the problem of improvement of professional training of specialists in cultural sphere, taking into account modern informational - communicative technology too:

-the computer knowledge of most workers hasn't been developed.

-the low level of theoretical knowledge in the sphere of informational system is observed.

-the workers feel considerable psychological barrier in using new informational technologies.

Therefore, we have outlined **the aim of this investigation** as scientific and theoretical foundation of improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment and its provided methodology.

The object of investigation - the activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment.

The subject of investigation - the process of improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment.

The basic status of investigation:

1. informatization of professional activity of workers in the sphere of culture by means of intensive introduction of modern informational - communicative technology.

2.The improvement pattern of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment.

3.The process of retraining the staff in the sphere of culture in terms of informatization of social environment.

The scientific novelty and theoretical significance of the investigation are comprised in:

1.The theoretical basis of improvement of professional activity of workers

in the sphere of culture in terms of informatization of social environment have been revealed.

2.The pattern of improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment has been worked out.

3.The programme of improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment has been worked out.

4.The efficiency of the method of retraining the staff in the sphere of culture in terms of informatization system has been worked out and checked experimentally.

The practical value of investigation comprises the following:

1.An electronic reading room has been opened in a scientific - universal library after A. Tazhibaev in Kzyl orda region o the basis of modern informational - communicative technology.

2.An experimental programme of improvement of professional activity of workers in the sphere of culture in terms of informatization of social environment has been worked out.

The results of investigation can be used in art faculties of high educational institutions of the Republic, in pedagogical colleges and in training and retraining the staff.

Подписано в печать 26. 02.2003г. Формат 60x84 1/16
Усл.печ.л.1,5 п.л. Усл.изд.л. 1,8 п.л. Тираж 100 экз.
Заказ № 15

Научно-издательский центр «Ғылым»
480100, Алматы, ул.Пушкина, 111/113